



Автор: Есентаева Асем Сарсенбаевна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Мәдени мұра

Тақырып: Ұлттық аспаптар

мақсатты	4.5.1.3 өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану. О.4.3.1.1 мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу О. 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру. Ж.4.4.1.1 шағын сюжетті комикс/буклет/коллаж/жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру. 4.5.1.2 көптік/тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану;
----------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
С.кезең.і Кіріспе (20 мин.)	Мұғалім аспаптар оркестрінің орындаған бір күйін 3-4минут тыңдатқаннансоң,«Ой шақыру» стратегиясы бойынша оқушыларға сұрақтар қою арқылы жаңа тақырыпты ашады. Оқушыларға келесі сұрақ қойылады: Бұл күйді немен орындайды? Оқушылардың ықтималжауаптары: Аспаптар мен орындайды. • Қандай музыкалық аспаптарды білесің? • Музакалық аспаптар үйірмесіне қатысасыңба? • Саған қандай аспапта ойнаған ұнайды? 1. «Жаңа сөз үйрен» айдары оқушыларды сабаққа қатысты жаңа сөздерді меңгерту мақсатында жүргізіледі. Оқушыларға бірнеше жаңа сөздерге қатысты суреттер көрсетіледі. «Суретті сөздік» арқылы оқушылар жаңа сөздерді меңгеріп сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады.«Бұл не?» әдісі арқылы меңгерту. Мұғалім жаңа сөзді немесе сөз тіркесін айтады, оқушылар сұрақтар қою арқылы анықтайды. Мұғалім ауызша комментарий береді. «Жақсы! Тамаша! Керемет!» «Көрсет және айт» айдарында оқушыларға ұлттық аспаптардың суреттері беріледі. Суреттердің тұсына оның қандай аспап екенін жазады және неден жасалғанын айтады. Оқушыларқазақхалқыныңұлттықаспаптарытуралы,оныңішіндедауылпаз, сазсырнай,асатаяқ,қобыз,домбыра, жетіген туралы айтады. Әраспаптыңерекшелігін,оларданқандайүн шығатынынтүсінеді.Осыменбайланыстылексикалық тіркестердімеңгереді. .Мұғалімоқушылардыңсабаққақызығушылықтарыноятүшінмүмкіндікболыпж атса,осыаталғанаспаптардыңбарлығынкөрсетугедайындайдынемесеинтербе лсенді тақтадансуреттерінкөрсетеді.Мынау–дауылпаз. Мынау–асатаяқ.Алмынау–қобыздепкөрсетеді. Алдауылпазтуралыалдыңғысабақтаөткендерін еске түсіртіп, оқушыларға келесі сұрақты қояды. • Дауылпазды неден жасайды? • Дауылпазды ағаштан жасайды. Үлгі: Мынау – дауылпаз. Бұл ағаштан және теріден жасалған. Оның бауы бар, таяғы бар. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, сурет бойынша мәтін құрастырып жазады. Тірек сөздер: домбыра, қобыз, сазсырнай, тартамын, ойнаймын, екі ішекті, аспап, ағаш, тері	